

**«Банк ЦентрКредит»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**

**ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ШЕГІНДЕГІ**

10.000.000.000 ТЕҢГЕ СОМАСЫНДАҒЫ

САНЫ 100.000.000 ДАНА

**АТАУЛЫ КУПОНДЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛМАҒАН
ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕТІНШІ**

ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ

ПРОСПЕКТІСІ

(«Банк ЦентрКредит» АҚ)

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымының проспектісін мемлекеттік тіркеуі осы шығарылым проспектісінде сипатталған облигацияларды алуға қатысты инвесторларға қандай да бір нұсқау беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымының проспектісін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжатта көрсетілген ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі тек Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан ғана қарастырылған. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде көрсетілген ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда көрсетілген барлық мәліметтердің шынайы болып табылатынын және орналастырылатын облигациялар мен эмитент туралы инвесторларға жансак пікір туғызбайтынын растайды.

Алматы қ., 2015 ж.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 7-ші шығарылымының проспектісі

1. Осы облигациялардың шығарылымы «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының Екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.
2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:

облигациялық бағдарлама проспектісі мемлекеттік тіркеуге қойылған күн:		18.09.2008 ж. № D21		
шегінде облигация шығарылымы жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай сипаттағы көлемі:		100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңге		
облигация шығарылымның реттік нөмірі:		Жетінші		
Екінші облигациялық бағдарламаның шегінде бұрынғы облигациялардың шығарылымы туралы мәліметтер:				
Шығарылым нөмірі	Шығарылымды уәкілетті органның тіркеуіне қойған күн	Облигациялардың саны	Шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі	Орналастырылған облигациялардың саны
1	2009 жылғы 26 қарашадағы бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі D21-1 (2014 жылғы 4 ақпанда екінші облигациялық бағдарламаның аясында облигациялардың бірінші шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қоғамның орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты ауыстырылды) Шығарылым өтелді.	80 000 000 (сексен миллион) дана	8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге	24 471 000 (жиырма төрт миллион төрт жүз жетпіс бір мың)
2	2009 жылғы 26 қарашадағы бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі D21-2 (2014 жылғы 4 ақпанда екінші облигациялық бағдарламаның аясында облигациялардың екінші шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қоғамның орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты ауыстырылды)	120 000 000 (бір жүз жиырма миллион) дана	12 000 000 000 (он екі миллиард) теңге	118 789 000 (бір жүз он сегіз миллион жеті жүз сексен тоғыз мың)
3	2009 жылғы 26 қарашадағы бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі D21-3 (2014	100 000 000 (бір жүз миллион) дана	10 000 000 000 (он миллиард) теңге	73 359 330 (жетпіс үш миллион үш жүз елу тоғыз мың үш жүз отыз)

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 7-ші шығарылымының проспектісі

	жылғы 4 ақпанда екінші облигациялық бағдарламаның аясында облигациялардың үшінші шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қоғамның орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты ауыстырылды)			
4	2014 жылғы 26 сәуірдегі бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі D21-4	100 000 000 (бір жүз миллион) дана	10 000 000 000 (он миллиард) теңге	100 000 000 (бір жүз миллион) дана
5	2014 жылғы 26 сәуірдегі бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі D21-5	150 000 000 (бір жүз елу миллион) дана	15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге	150 000 000 (бір жүз елу миллион) дана
6	2014 жылғы 9 желтоқсандағы бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу нөмірі D21-6	350 000 000 (үш жүз елу миллион) дана	35 000 000 000 (отыз бес миллиард) теңге	60 000 (алпыс мың) дана
<p>Облигациялық бағдарлама аясында бұрын шығарылған облигациялар оларды ұстаушыларға беретін құқықтар, соған қоса шектеулерді (ковенант) бұзған кезде іске асырылған және бағалы қағаздарды сатып алу-сату жөнінен ұстаушылармен жасалған шарттарда көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсету қажет.</p>		<p>Бұрын шығарылған облигациялар бойынша облигацияларды ұстаушылар төмендегі құқықтарға ие:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ шығарылымның талаптарына сәйкес облигацияларды өтеген кезде өздерінің меншігіндегі облигациялардың номиналды құнын алу; ▪ шығарылым талаптарына сәйкес облигациялар бойынша сыйақы алу; ▪ шығарылым талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің меншігіндегі облигацияларды еркін басқару; ▪ жазбаша сұраныс беру арқылы Банк туралы қажетті ақпаратты алу; ▪ шығарылымның талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтар. <p>Банктің шығарылған бағалы қағаздары аясында облигациялар шығарылымдарының проспектілерінің және бағалы қағаздарды сатып алу-сату жөніндегі ұстаушылармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес қабылданған шектеулер (ковенанттар) бұзылған жоқ.</p>		

3. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының аясындағы облигациялардың қамсыздандырылмаған жетінші шығарылымының құрылымы:

1)	облигациялардың түрі:	Атаулы, купондық, қамсыздандырылмаған
2)	шығарылған облигациялардың саны:	100.000.000 (бір жүз миллион) дана
	облигация шығарылымының жалпы көлемі:	10.000.000.000,00 (он миллиард) теңге
3)	бір облигацияның номиналды құны:	100,00 (жүз) теңге
4)	облигациялар бойынша сыйақы:	
	сыйақы мөлшерлемесі:	Облигациялардың номиналды құнының жылдық 9% (тоғыз пайызы).
	сыйақы есептеу басталатын күн, кезеңділігі және сыйақы төлейтін күн, сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары:	<p>Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу жылына екі рет, облигациялардың айналымы басталған күннен бастап өтеу мерзіміне дейін жыл сайын, сәйкесінше әр алты ай сайын жүргізіледі. Сыйақы төлеу айналым басталған күннен бастап жүзеге асырылады. Купондық сыйақы теңгемен, сыйақы төлемін жасаған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде ақшаны облигация ұстаушылардың ағымдағы есепшоттарына аудару арқылы төленеді. Купондық сыйақы алу құқығы төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күніне дейін облигация ұстаушылардың тізіліміне тіркелген тұлғаларға беріледі.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақы мен борыштың негізгі сомасын төлеуді) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.</p> <p>Егер облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда төлем теңгемен (облигация ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банктік есепшоты болған жағдайда) төленеді.</p> <p>Эмитент сыйақы төлемі жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигация ұстаушыдан сәйкес жазбаша өтініш алған жағдайда, сыйақы төлемін жасаған кезде теңгені басқа валютаға (тек қана ЕУРО-ға немесе АҚШ долларына) айырбастауға жол беріледі.</p> <p>ЕУРО-мен төленетін төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты төлем жасау күніне белгілеген теңгенің ЕУРО-ға ресми бағамы бойынша жүзеге асырылады. АҚШ долларымен төленетін төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың нақты төлем жасау күніне белгілеген орташа бағамы бойынша жүзеге асырылады. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p>

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 7-ші шығарылымының проспектісі

		Қазақстан Республикасының резиденті – облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жасаған кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.
	сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Облигациялар бойынша купондық сыйақы есептеуді Эмитент 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыттық базасы есебінен жүргізеді.
	индекстелген облигациялардың шығарылымы кезіндегі есеп айырысу тәртібі:	Осы шығарылымдағы облигациялар индекстелмейді.
5)	облигациялардың айналымы және оларды өтеу туралы мәліметтер:	
	айналым мерзімі:	Айналым мерзімі айналым басталған күннен бастап 10 (он) жыл. Айналым басталған күн – осы Проспектінің талаптарына сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сауда-саттық жүйесінде бірінші жүзеге асырылған аукционды өткізу күні. Бірінші жүзеге асырылған аукционның қорытындысы бойынша анықталған облигациялар айналымы басталған күн туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz интернет-ресурсында жарияланады.
	облигациялар айналымын жүзеге асыру жоспарланатын нарық	Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтары. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша көзделмесе, Эмитент облигациялар айналымында қандай да бір шектеулерді, ықтимал облигация ұстаушыларға қатысты, оның ішінде Эмитенттің байланысты тараптары болып табылатын тұлғаларды қоса алғанда ортасында облигацияларды орналастыру болжанатын тұлғалар шеңберіне қатысты шектеулерді болжамайды.
	өтеу талаптары:	Облигациялар облигациялардың теңгемен номиналды құны бойынша өтеліп, айналым кезеңі аяқталған кезде 20 күнтізбелік күн ішінде ақшаны төлем жасалатын мерзімнің соңғы күніне дейін облигация ұстаушылардың тізіліміне тіркелген облигация ұстаушылардың ағымдағы есепшоттарына аудару арқылы соңғы купондық сыйақы төленеді. Егер облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда өтеу теңгемен (облигация ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банктік есепшоты болған жағдайда) төленетін болады. Эмитент сыйақы төлемі жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигация ұстаушыдан сәйкес жазбаша өтініш

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 7-ші шығарылымының проспектісі

		алған жағдайда ғана облигацияларды өтеген кезде теңгені басқа валютаға (тек қана ЕУРО-ға немесе АҚШ долларына) айырбастауға рұқсат беріледі. ЕУРО-мен төленетін төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты төлем жасау күніне белгілеген теңгенің ЕУРО-ға ресми бағамы бойынша жүзеге асырылады. АҚШ долларымен төленетін төлем «Қазақстан кор биржасы» АҚ-тың нақты төлем жасау күніне белгілеген орташа бағамы бойынша жүзеге асырылады. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының резиденті – облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жасаған кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат берілмейді.
	облигацияларды өтеу күні:	Облигацияларды өтеу облигациялар айналымға түскен күннен бастап 10 (он) жыл өткеннен кейін жүргізіледі.
	облигацияларды өтеу жүргізілетін орын:	Облигацияларды өтеу 050059, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 38 мекенжайы бойынша жүргізілетін болады.
	облигацияларды өтеу тәсілі:	Облигациялардың номиналды құнын және соңғы купондық сыйақыны өтеу облигация ұстаушылардың ағымдағы есепшоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі.
6)	облигациялар бойынша қамсыздандыру:	Осы шығарылымның облигациялары қамсыздандырылған болып табылмайды.
7)	облигация ұстаушылардың өкілдері туралы мәліметтер:	«Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Манас көшесі, 32А, телефоны: +7 (727) 259-88-77, факс: +7 (727) 259-88-87 2014 жылғы 17 наурыздағы №139-1 Облигация ұстаушылардың мүддесін таныту туралы шарт. 17.03.2014 жылғы №139-1 Облигация ұстаушылардың мүддесін таныту туралы шартқа жасалған 2015 жылғы 24 сәуірдегі №20/01 Қосымша келісім.
8)	тіркеуші туралы мәліметтер:	«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 141-үй (Құрманғазы көшесімен қиылысы), телефоны: +7 (727) 272-47-60, факс: +7 (727) 272-47-60 (ішкі нөм. 230). 2014 жылғы 01 қаңтардағы №409 Бағалы қағаздарды ұстаушылардың реестрлер жүйесін жүргізу туралы шарт.
9)	облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:	Облигацияларды Эмитент өз бетінше және/немесе қажет болған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай осындай қызметпен айналысуға сәйкес өкілеттігі болатын андеррайтерлерді тарту арқылы орналастырады.
10)	төлем агенті туралы	Эмитент купондық сыйақыны және атаулы құнды

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 7-ші шығарылымының проспектісі

	мәліметтер:	төлеуді өз бетінше жүзеге асырады.
11)	облигацияны өз ұстаушыларына беретін құқықтар:	<p>Облигация ұстаушылар оны төлеу үшін белгіленген мерзім ішінде купондық сыйақы төлеу күні орнаған кезде купондық сыйақы алу, сондай-ақ облигацияларды өтеу күні орнаған кезде негізгі борыш (атаулы күн) сомасын алу құқығына ие болады.</p> <p>Осы шығарылым облигациялары бойынша мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.</p> <p>Жазбаша сұраныс беру арқылы Эмитент туралы қажетті ақпарат алу құқығы.</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.</p>
11-1)	орнаған кезде дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар:	<p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт дегеніміз – осы проспектіде бекітілген сыйақыны және/немесе негізгі борышты өтеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін сыйақыны (купонды) және/немесе облигациялар бойынша номиналды құнды төлемеу немесе толық төлемеу. Эмитенттің кінәсінен осы проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніне (яғни төлем жасалған кезеңнің ең соңғы күнінен кейінгі күні) белгіленген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің есебінен мерзімінен кешіктірілген әрбір күн үшін Эмитент осы шығарылым облигацияларын ұстаушыларға өсімпұл төлейді.</p> <p>Эмитенттің кінәсінен аталған облигациялар бойынша осы проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген күннен кейінгі 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Эмитент ол туралы Интернет желісінің www.bcc.kz web-сайтына, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz интернет-ресурстарына ақпараттық хабарлама жариялау арқылы облигация ұстаушыларға ақпарат береді.</p> <p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт орнаған жағдайда, дефолттың туындау себебін жою және облигация ұстаушылардың құқығын қамсыздандыру үшін қажетті барлық мүмкін болатын шаралар қолданылады.</p> <p>Егер осындай төлемеу және/немесе толық төлемеу осы Проспектіде белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақы және/немесе номиналды құнды төлеуге мүмкіндік бермейтін облигация ұстаушының банктік есепшоттарының деректемелерін Эмитенттің шынайы немесе толық алмауының</p>

		<p>немесе тіркеушінің Эмитентке облигация ұстаушылардың тізілімін заңнамада белгіленген және онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақының және/немесе облигацияның номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.</p> <p>Егер Эмитенттің осы Проспект бойынша өзінің міндеттемелерін орындамауы дүлей күшті жағдайлардың салдарынан болса, онда Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күшті жағдайлар ретінде орнауын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу және шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсіндіріледі. Дүлей күшті жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады.</p>
12)	мерзімінен бұрын өтеу:	<p>Директорлар кеңесінің шешімі бойынша айналым басталған күннен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін Эмитент жинақталған сыйақыны бір мезгілде төлеу арқылы номиналды құны бойынша облигацияларды мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге құқылы.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Эмитент Интернет желісіндегі www.bcc.kz web-сайтына, сонымен қатар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz интернет-ресурстарына орналастыру арқылы облигация ұстаушыларға Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығын іске асыру тәртібі, талаптары мен мерзімі туралы хабарлайды.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде соңғы жинақталған сыйақыны бір мезгілде төлеу арқылы номиналды құны бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеген кезде Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу басталатын күннің алдындағы күн басталғандағы жай-күйі бойынша облигация ұстаушылардың</p>

		<p>тізілімінде тіркелген тұлғалар номиналды құнды және соңғы сыйақыны алу құқығына ие болады.</p> <p>Егер облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда мерзімінен бұрын өтеу теңгемен (облигация ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен ашылған банктік есепшоты болған жағдайда) төленетін болады.</p> <p>Эмитент сыйақы төлемі жасалатын кезеңнің соңғы күнінен кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигация ұстаушыдан сәйкес жазбаша өтініш алған жағдайда ғана сыйақы төлемін жасаған кезде теңгені басқа валютаға (тек қана ЕУРО-ға немесе АҚШ долларына) айырбастауға жол беріледі.</p> <p>ЕУРО-мен төленетін төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нақты төлем жасау күніне белгілеген теңгенің ЕУРО-ға ресми бағамы бойынша жүзеге асырылады. АҚШ долларымен төленетін төлем «Қазақстан кор биржасы» АҚ-тың нақты төлем жасау күніне белгілеген орташа бағамы бойынша жүзеге асырылады. Теңгедегі соманы шетел валютасына айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p> <p>Қазақстан Республикасының резиденті – облигация ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлем жасаған кезде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p>
12-1)	Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты жариялау:	<p>Эмитент өзінің қызметі мен қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты өз облигация ұстаушыларына «Казахстанская правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» сияқты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мәлімет ретінде ұсынады. Сонымен қатар Эмитент өзінің қызметі туралы ақпаратты Интернет желісінің www.bcc.kz web-сайтына, сондай-ақ «Қазақстан кор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz интернет-ресурстарына жариялауға құқылы.</p>
13)	облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:	<p>Облигациялар орналастырудан алынған қаражат Банк пен оның филиалдарының еліміздің нақты экономика секторының жобаларын ортамерзімді несиелеу саласындағы қызметін дамытуға жұмсалатын болады.</p> <p>Облигацияларды орналастырудан алған ақшаны жоспарлы бөлуге өзгерістер енгізу мүмкін болатын жағдайлар орнаған кезде Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Облигациялар шығарылымының проспектісіне сәйкес өзгерістерді және/немесе толықтыруларды енгізеді.</p>

3-1. Эмитенттің сыйақы төлеуге және негізгі борыш сомасын өтеуге қажетті ақша қаражатының көздері мен ағымдарының болжамы:

1-қосымша

3-2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар):

Осы шығарылым проспектісінде белгіленген облигациялардың айналым мерзімі ішінде Эмитент келесі талаптарды орындауға міндетті:

- 1) Эмитент және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған лизинг шартында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілік беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу;
- 2) Эмитентке аудиторлық компанияның осындай есептерін ұсыну мерзімін бұзу жағдайларын есепке алмағанда, Эмитент және «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған лизинг шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді тапсыру мерзімін бұзуға жол бермеу.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент Эмитенттің ресми сайтында (www.bcc.kz) ақпараттық хабарлама жариялау арқылы ақпарат беру мерзімі бұзылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде аталған бұзушылық туралы облигация ұстаушыларға хабарлайды және бұзушылықтың туындау себебін толық сипаттайды, Эмитентке талап ету туралы өтініш жасау тәртібін қоса алғанда өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерінің тізімін көрсетеді және www.kase.kz интернет-ресурсына орналастыру үшін оны «Қазақстан қор биржасы» АҚ-қа береді. Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында шектеулерді (ковенанттар) бұзуға жол бермеу үшін барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады. Шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде Эмитент ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде бұзушылықтың пайда болу себептерін жою бойынша барлық мүмкін болатын іс-шараларды қолданады. Эмитент жоғарыда белгіленген мерзім ішінде көрсетілген шектеулердің (ковенанттар) бұзылу себебін түзету бойынша іс-шара қолданбаған және/немесе Эмитент қолданған іс-шаралар шектеулердің (ковенанттар) бұзылуын түзетпеген жағдайда, облигация ұстаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке орналастырылған және Эмитентке тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы.

Сатып алу процедурасы облигация ұстаушының көрсетілген мерзімде ұсынылған және төмендегі барлық қажетті деректемелері көрсетілген, еркін нысанда құрылған орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішінің негізінде ғана жүзеге асырылады:

- заңды тұлға үшін: облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіруші нөмірі; болған жағдайда мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті облигациялардың саны және түрі;

- жеке тұлға үшін: облигация ұстаушының тегі, аты, болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжатының нөмірі, берілген күні және берген орган; тұратын жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті облигациялардың саны және түрі.

Орналастырылған облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушының осы проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде өзіне тиісті облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуға берілген жазбаша өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушының ағымдағы есепшотына ақша аудару арқылы сатып алу күніндегі жинақталған сыйақының есебінен облигациялардың сәйкес номиналды құнының бағасы бойынша орналастырылған облигацияларды сатып алады.

Егер облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда төлем ЕУРО-мен немесе АҚШ долларымен төленеді. ЕУРО-мен төленетін төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жасау күніне белгілеген теңгенің ЕУРО-ға

шаккандағы ресми бағамы бойынша есептеледі. АҚШ долларымен төленетін төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың төлем жасалатын күнге белгілеген орташа бағамы бойынша есептеледі. Тенгемен есептелген соманы шетел валютасына айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.

Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы өтініштердің барлығын бір уақытта қанағаттандыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, облигация ұстаушылардан облигацияларды сатып алу орналастырылған облигацияларды сатып алуға берілген өтініштердің келіп түскен кезегі бойынша жүзеге асырылады.

3-3. Орналастырылған облигацияларды сатып алу:

- 1) Қажеттілігіне қарай және Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде Эмитент бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарындағы орналастырылған облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде оларды сатып алуға құқылы. Сатып алынған облигациялар өтелген деп есептелмейді және Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың барлық айналым кезеңі ішінде бағалы қағаздар нарығында өзінің сатып алған облигацияларын қайта сатуға құқылы. Мәміленің мерзімі мен бағасы мәміле жасалған сәтте белгіленген нарықтық талаптарға байланысты белгіленеді.
- 2) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы заңының 18-4-бабына сәйкес келесі жағдайларда (бұдан кейін мәтін бойынша – Сатып алу оқиғасы):
 - 2-1) Эмитенттің уәкілетті органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;
 - 2-2) Тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсынуға қатысты арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен «Қазақстан қор биржасы» АҚ Эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;
 - 2-3) Эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасамаған жағдайда, Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде немесе осы мерзім белгіленбеген кезде Сатып алу оқиғасы орнаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитент Эмитенттің ресми сайтында (www.bcc.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz сайтында ақпараттық хабарлама жариялау, Сатып алу оқиғасының орнау себептерін түпкілікті сипаттау және Эмитентке талап ету туралы өтініш жасау тәртібі мен мерзімін қоса алғанда өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерінің тізімін көрсету арқылы осы дәйек туралы облигация ұстаушыларға хабарлайды.

Сатып алу оқиғасы орнаған кезде Эмитент ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сатып алу оқиғасының орнау себептерін жою бойынша барлық мүмкін болатын іс-шараларды қолданады. Эмитент жоғарыда белгіленген мерзім ішінде Сатып алу оқиғасының орнау себебін жою бойынша іс-шара қолданбаған және/немесе Эмитент қолданған іс-шаралар Сатып алу оқиғасын жоймаған жағдайда, облигация ұстаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке орналастырылған және Эмитентке тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы.

Сатып алу процедурасы облигация ұстаушының көрсетілген мерзімде ұсынылған және төмендегі барлық қажетті деректемелері көрсетілген, еркін нысанда құрылған орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішінің негізінде ғана жүзеге асырылады:

- заңды тұлға үшін: облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіруші нөмірі; болған жағдайда мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті облигациялардың саны және түрі;

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 7-ші шығарылымының проспектісі

- жеке тұлға үшін: облигация ұстаушының тегі, аты, болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке тұлғасын куәландыратын құжатының нөмірі, берілген күні және берген орган; тұратын жері; телефоны; банктік деректемелері; сатып алуға тиісті облигациялардың саны және түрі.

Орналастырылған облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушының осы проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналым мерзімі аяқталған кезде өзіне тиісті облигацияларды өтеуге құқығы бар.

Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуға берілген жазбаша өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушының ағымдағы есепшотына ақша аудару арқылы келісі көрсетілгендердің қайсысының ауқымының ең үлкен болуына байланысты сатып алу күніндегі жинақталған сыйақының есебінен облигациялардың сәйкес номиналды құнының бағасы бойынша немесе облигацияның нарықтық әділ бағасы бойынша орналастырылған облигацияларды сатып алады.

Егер облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда төлем ЕУРО-мен немесе АҚШ долларымен төленеді. ЕУРО-мен төленетін төлем Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлем жасау күніне белгілеген теңгенің ЕУРО-ға шаққандағы ресми бағамы бойынша есептеледі. АҚШ долларымен төленетін төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың төлем жасалатын күнге белгілеген орташа бағамы бойынша есептеледі. Теңгемен есептелген соманы шетел валютасына айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.

Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы өтініштердің барлығын бір уақытта қанағаттандыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, облигация ұстаушылардан облигацияларды сатып алу орналастырылған облигацияларды сатып алуға берілген өтініштердің келіп түскен кезегі бойынша жүзеге асырылады.

4. Опциондар туралы ақпарат:

Осы шығарылым облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.

4. Айырбасталатын облигациялар:

Осы шығарылым облигациялары айырбасталмайды.

5. Облигацияларды орналастыру тәсілі:


1)	облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:	Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережесіне сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы айналымның барлық мерзімі ішінде орналастырылады. Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында айналымда болады. Эмитенттің сәйкес органы облигациялар шығарылымын инвесторлардың шексіз ауқымында орналастыру туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 10 (он) күнтізбелік күн ішінде «Казахстанская Правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» газетінде облигациялардың орналастырылатыны туралы хабарлама (мемлекеттік және орыс тілдерінде) жариялайды.
2)	акцияларға айырбасталатын облигацияларды жазылу арқылы орналастыратын кезде оларды айырбастау	Осы шығарылымның облигациялары айырбасталмайды.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Екінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі купондық қамсыздандырылмаған облигациялардың 7-ші шығарылымының проспектісі

	талаптары көрсетіледі:	
3)	облигацияларды төлеу талаптары мен тәртібі:	Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында облигацияларды орналастырған кезде төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



В.С. Ли

А.Т. Нурғалиева

№1 тіркеме

3-1. Облигацияларды өтеу сәгіне дейін сыйақы төленетін әрбір кезең бойынша бөлін алғандағы эмитенттің сыйақы толеу және негізгі борышты өтеу үшін қажетті ақша ағылдары мен олардың көздерінің (млрд. теңге)

	II жарты-жылдық 2015ж.	I жарты-жылдық 2016ж.	II жарты-жылдық 2016ж.	I жарты-жылдық 2017ж.	II жарты-жылдық 2017ж.	I жарты-жылдық 2018ж.	II жарты-жылдық 2018ж.	I жарты-жылдық 2019ж.	II жарты-жылдық 2019ж.	I жарты-жылдық 2020ж.	II жарты-жылдық 2020ж.	I жарты-жылдық 2021ж.	II жарты-жылдық 2021ж.	I жарты-жылдық 2022ж.	II жарты-жылдық 2022ж.	I жарты-жылдық 2023ж.	II жарты-жылдық 2023ж.	I жарты-жылдық 2024ж.	II жарты-жылдық 2024ж.	I жарты-жылдық 2025ж.	
Көрсеткіштер																					
Резервтік талаптар	+1,5	-3,0	-1,4	-2,1	-2,0	-2,3	-1,5	-1,5	-1,5	-2,0	-1,5	-1,5	-1,4	-1,3	-1,4	-1,4	-1,4	-1,3	-1,5	-1,5	
Бағамы көздер	-6,0	-8,0	-5,0	-5,0	-6,1	-5,0	-4,9	-4,7	-4,7	-4,4	-4,3	-4,3	-4,3	-6,0	-6,1	-6,8	-8,0	-7,4	-7,5	-7,4	
РЕПО	+0,2	+0,3	+0,1	+0,1	+0,1	+0,1	+0,1	+0,3	+0,3	+0,3	+0,3	+0,3	+0,3	+0,1	+0,1	+0,1	+0,1	+0,1	+0,1	+0,2	
БАН	-8,0	-7,0	-8,0	-4,0	-5,0	-5,0	-3,0	-5,0	-3,0	-3,5	-3,4	-4,1	-4,2	-4,1	-4,2	-3,8	-3,0	-2,9	-2,8	-2,1	
Өтеу	+2,0	+0,8	+0,6	+0,7	+0,8	+0,8	+0,8	+0,7	+0,7	+0,8	+0,8	+0,8	+0,8	+0,8	+0,9	+1,0	+1,5	+2,0	+3,0	+0,7	
Несие (нетто)	-35,0	-35,0	-43,0	-37,0	-43,0	-43,0	-42,0	-42,0	-41,0	-51,0	-48,0	-48,0	-48,0	-45,0	-32,0	-31,0	-31,0	-40,3	-41,1	-45,2	
Ақша шығынын жабылтығы																					
Ақша түсіміні жабылтығы	-54,1	-55,8	-59,8	-52,8	-49,3	-55,6	-53,8	-53,8	-52,7	-63,5	-59,8	-57,6	-47,4	-60,0	-46,6	-46,9	-46,9	-56,2	-58,1	-59,2	
ХКН	1,5	3,5	3,5	3,0	3,2	3,5	3,2	3,5	5,2	2,1	2,6	2,5	3,0	2,5	3,0	3,4	3,2	3,6	3,5	2,5	
Бағамы капиталдары																					
орналастыру/өтеу	-7,0	1,0	3,0	2,4	1,5	0,4	0,4	0,6	2,5	2,1	3,2	0,5	0,4	0,4	0,4	0,3	1,0	1,5	1,6	1,8	
Депозиттер	52,0	40,0	40,0	38,0	37,0	35,0	38,0	40,0	43,0	48,0	50,0	32,0	32,0	32,0	31,0	39,0	31,0	38,0	41,0	41,0	
БАН	6,0	5,0	8,0	2,0	2,0	1,7	0,5	0,4	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	4,1	2,5	0,4	2,5	4,2	4,3	4,5	
Пайдал	2,5	5,5	5,5	6,5	6,5	6,6	6,7	6,9	7,0	6,9	6,5	6,5	6,5	6,5	6,5	6,0	7,1	7,4	7,5	7,5	
Өтеу	1,0	1,0	0,3	0,6	0,5	0,3	0,3	0,2	0,3	1,0	0,9	0,9	0,8	0,7	0,7	0,5	1,0	1,1	0,6	0,7	
Ақша түсіміні жабылтығы																					
Ақша түсіміні жабылтығы	56,0	56,0	60,3	52,5	50,5	47,5	49,1	51,6	58,5	60,6	63,7	44,3	46,2	46,2	44,4	49,6	45,8	55,8	58,5	58,0	
Келесі басылымға кезі	36,0	37,9	38,1	38,6	38,3	38,1	38,3	38,3	23,1	28,9	26,0	26,0	29,9	16,6	2,8	0,6	2,8	1,7	1,3	1,7	
Келесі соңылымға кезі	37,9	38,1	38,6	38,3	38,3	38,1	38,3	23,1	28,9	26,0	29,9	16,6	2,8	2,8	0,6	2,8	1,7	1,3	1,7	0,5	

Пронумеровано и
прошнуровано
на 37 листах



Председатель
Правления

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

2015 ж. « 02 маусым »